aigakmedia Instagram · Айғақ Медиа · Айғақ ТВ YouTube

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

16+

№ 12
/sársenbi/
25 naýryz
2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri



## ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

Қымбатты отандастар!

Бүгінде бәріміз коронавирустың жаһандық пандемияға ұласқанына куә болып отырмыз.

Қазір вирус жер шарындағы 155-тен астам мемлекеттің, соның ішінде Қазақстанның да аумағына таралуда.

Індеттің географиялық өрісі үздіксіз кеңейіп, құрбандарының саны да өсіп келеді.

Бұл жағдайды халықаралық экономикалық дағдарыс – шикізат, валюта және қаржы нарықтарының құлдырауы ушықтыра түсуде.

Мұның бәрі біздің елді де айналып өтпейтіні анық.

Басқаша айтқанда, біз қазір «дүлей дауыл» деп сипаттауға болатын үлкен қауіп-қатер алдында тұрмыз.

Шешу жолдарын табу тұрғысынан күрделі болып отырған қазіргі ахуал бір жағынан 1990-шы жылдардың басындағы жағдайға ұқсайды.

Ол кезде біз шын мәнінде өте қиын жағдайда болған едік.

Осындай ауыр кезеңде мен барлық қазақстандықтарды ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Үкімет тарапынан іске асырылып жатқан шұғыл шараларды қолдауға шақырамын.

Ел билігі коронавирустан қорғану үшін, оның алдын алуға бағытталған кешенді шаралар қабылдады.

Бұл ретте төтенше жағдайдың жариялануы – маңызды және қажетті қадам.

Ондағы мақсат – біздің азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүддесін қорғау.

Қазір коронавирус инфекциясының залалын азайту және экономиканы тұрақтандыру жөніндегі арнаулы штаб жұмыс істеп жатыр.

Азық-түлік пен ең қажетті тауарлардың, медициналық мақсатқа арналған заттардың тапшылығына жол бермеу үшін, барлық жағдай жасалуда.

Мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерінің бәрі де орындалуда.

Елдегі құқықтық тәртіп қамтамасыз етіліп отыр.

Отандық кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнеске жан-жақты қолдау көрсетіліп жатыр.

Жұмыс орындарын сақтауға барынша күш салынуда.

Мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан шаралар қазіргі қиын ахуалға сай, дер кезінде қолға алынды.

Мен мұны толық қолдаймын!

Сонымен қатар, қазіргі дағдарыс ұзағырақ уақытқа созылар болса, Үкімет оған қарсы шаралар әзірлеуге тиіс.

Ондай жағдайда елімізді және азаматтарымызды қатаң үнемшілдікке, кешенді орнықты даму бағдарына шығуға дайындау керек.

Жалғасы 2-ші

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙДАН САБАҚ АЛУҒА ШАҚЫРДЫ




23 наурызда Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Оған облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері, сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының басшылары бейне байланыс арқылы қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде індеттің таралуын ауыздықтау үшін Төтенше жағдай және карантин режимін бұзғандарға қатысты шараларды қатаңдату қажеттігін айтты.

– Қатаң санкцияларға көшетін уақыт жетті. Сонымен қатар, тәртіп бұзушылықтың алдын алу мақсатында тіркелген деректерді БАҚ-та кеңінен жариялау керек. Халық баратын қоғамдық орындарда санитарлық тазалық талаптары сөзсіз орындалуы тиіс. Мұндай жағдайда «үнемдеуге» және «оңтайландыруға» жол жоқ. Мемлекеттік комиссия Қарулы Күштерді Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және басқа да ірі қалалардың көшелерін дезинфекциялауға тарту тәртібін айқындауы қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев шетелдерден, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерден келген барлық адамдарды карантинге жатқызуды тапсырды. Мемлекет басшысы Төтенше жағдай және карантин кезіндегі жұмыс тәртібін әзірлеп, оны барлық азаматтар мен бизнес өкілдеріне жеткізу, сондай-ақ, халыққа медициналық мекемелердің жаңа жұмыс режимін түсіндіру керектігін атап өтті.

Білім, Мәдениет және спорт министрліктеріне жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін онлайн-режимінде жарыстар, дәрістер мен өзге де білім беру шараларын өткізу мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

–Құқық бұзушылықтың көбеюіне, ең алдымен, ұрлыққа, тонауға, талан-таражға салуға, биліктің заңды талаптарына бағынбауға жол бермеу керек. Осыған байланысты қоғамдық орындардың күзетін, оларды жарықтандыру және бейнебақылаумен жабдықтау шараларын күшейту керек. Бұған полицияның бүкіл құрамын жұмылдыру қажет, – деп тапсырды Президент.

Жалғасы 2-ші бетте

## Абайдың қара сөздері

### ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Осы мен өзім - қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә, әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, он -дайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қыл -ды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін! Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзімыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? - еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі.

Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмі-тімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеу-демін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

## «БӘЛЕ КЕЛСЕ, САБАҚ. БІЛ!»

Дүние дүрлігіп жатыр. Себеп: коронавирус індеті. Ал, ол індеттің себебі ше?.. Дәл осыған байланысты әр түрлі көзқарастар бар. Коронавирустың шығу тегі туралы мемлекеттік, халықаралық деңгейдегі қайраткер тұлғалардан бастап, қатардағы қарапайым адамдарға дейін пікір айтуда. «Бұл мақсатты түрде, адам қолымен арнайы жасалып, таратылып отырған вирус» деп, алпауыт мемлекеттерді айыптап жатқандар да, «бәрі өтірік, ешқандай да вирус жоқ, бұл сасық саясат» деп, сайрап жүргендер де баршылық. Бірақ, сенбейміз деп сан соғып қалған Италияның бүгінгі жағдайы адам шошырлықтай. Кеше ғана Германияның канцлері Ангела Меркель «Жағдай өте мүшкіл. Оған шындап мән беріңіздер. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін біздің елде мұндай үлкен сынақ болған емес» деген болатын. Ал бүгінде сол Германия басшысының өзі үйінде карантинде отыр...

Жалғасы 6-шы бетте

## КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН АБАЙ ШЫҒАРМАСЫ




Қазақ халқының маңдайына жарқыраған жұлдыздай керемет бағы болып біткен, бойына жоғары кемелділікті, ұлылық пен даналық қасиеттерін жинаған, соңына негізінен ақылмандық, даналық жолға және ізгі амал, тазалыққа толы туындылар жаратып қалдырған біртума, ұлық ақынымыз Абай Құнанбайұлының ислам діні мен оның сара жолдарынан мол хабардарлығын танытатын «Китаб тасдиқ» кітабы – шығармаларының арасындағы ең құнды, аса бағалы, шоқтығы биігі болып саналады. Бұл шығарма арабша тақырыпталған. Оны қазақшалағанда, «Аллаға сенімді бекіту кітабы» деп аталады.

Абайдың осы аталған, «Китаб тасдиқ» деп тақырыпталған кітабы ол өмірден өткен соң, 1905, 1907 және 1910 жылдары үш мәртебе ұлық ақынымыздың көзі тірі кезінде хатшысы қызметін атқарған Мүрсейіт Бекіұлы деген молданың тарапынан, сол кісінің қолтаңбасымен араб әрпінде қағазға бітілген, яғни хатталып жазылған нұсқалар күйінде кейінгі ұрпаққа сақталып жетіп отыр. Үш нұсқаны салыстыра қарағанда, олардың бір-бірінен оншалықты жырақ кетпейтіні, анау айтқандай алшақтығы жоқтығы байқалады.

«Аллаға сенімді бекіту кітабы» – негізінен кешегі Кеңес дәуірінде сол кездегі қасаң, қитұрқы саясаттың ықпалымен, жойқын кері әсерімен Абайтанушы көрнекті әдебиет зерттеушілері тарапынан өз дәрежесінде толыққанды бағаланбай, ескерілмей қалғаны рас еді. Шын мәнісінде, нақ осындай Абай шығармашылығына оң қабақ танытпаған келеңсіз жағдайдың орын алуына сол кезеңдегі қоғамымызда ислам дініне ашықтықтың мүлдем жоқтығы, керісінше, оған қарсы атеистіктің үстемдік құруы, сондай-ақ, аталмыш шығарма кітаптың араб әрпінде қазіргі қазақ тіліне өте жақын түрде жазылуымен бірге, екінің бірі тісі бата бермейтін араб, парсы сөздері араласып-құраласқан көне түркі (ескі шағатай) тілінің элементтерін молынан пайдаланып жазылу қалпы да себеп болды. Сөйтіп, өзінің күрделілігімен, исламдық және имандылық жолда көтерген тақырыбымен, аса ұлық мақсатымен, ауқымдылығымен ерекшеленсе де, елеусіз күйге түскен таңғажайып аса бағалы, өте құнды шығарма бір қарағанда, өңін айналдырғандай болып, сондай ұнамды, үлкен мәнділігі мен маңызы бар, тауып қойылған әдемі тақырыбынан шеттетіліп, жай ғана ұлық ойшыл ақынның «отыз сегізінші сөзі» деген атауды иеленіп, тағдыр талқысымен қара сөздерінің бірі болып кете барды.

Жалғасы 4-ші бетте

# ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрметті қазақстандықтар!

Дана халқымызда «Кемедегінің жаны бір» деген ұлағатты сөз барын білесіздер.

Осынау сын сағатта ортақ істен ешкім де сырт қалмауға тиіс.

Біріншіден, Үкімет бюджет саласы қызметкерлерінің, студенттердің, шағын және орта бизнестің ауыртпалығын жеңілдету бағытындағы нақты қадамдарын жария етті.

Бірақ тек қана мемлекеттің күшжігері жеткіліксіз болады.

Зауалды еңсеру үшін басқа да қосымша ресурстарды жұмылдырған жөн.

Әрбір азамат өзінің қолынан келетін үлесін қосуға тиіс.

Мен бұл қиын кезеңде ел-жұртқа көмектескісі келетін және жәрдем бере алатын адамдардың қаражаты жинақталатын Республикалық қор құруды ұсынамын.

Осындай жағдайда бұрынғыша отандық ірі кәсіпорындар да қолдауын көрсетеді деп сенемін.

Ондай қорларды әрбір облыс орталығында және республикалық маңызы бар қалаларда құру қажет.

Ол жұмысты тиісінше сол жерлердің әкімдері жүзеге асырғаны дұрыс.

Бүкіл халық, қалың ел, жалпақ жұрт болып жұмылудың жарқын үлгісі мен тиімділігін біз Арыс қаласын апаттан кейін жедел қалпына келтірген кезде көрсеткен едік.

Екіншіден, мен қазірдің өзінде ұлттық бизнес өкілдерінің ел-жұртқа көрсетіп жатқан көмегі үшін ризашылығымды білдіремін.

Мұндай мәрттік жалғасын тауып, оған қосылатын бизнес өкілдерінің саны көбейе түседі деген үміттемін.

Компаниялар иелері өздерінің қол астында еңбек етіп жүрген жандарға қаржылай да, моральдық тұрғыдан да жәрдемдеседі деп сенемін.

Мәселен, уақытша демалысқа жіберуге мәжбүр болған жағдайда еңбеккерлерді ақылы түрде босатқан немесе қысқартылған жұмыс кестесіне көшкен абзал.

Отандық бизнес өкілдерін жалдамалы қызметкерлерді жұмыстан шығармауға шақырамын.

Сіздер жұмыс орындарын сақтау арқылы қоғамға қамқорлықтарыңызды көрсетесіздер.

Еліміздің кен өндірісі мен шикізат ресурстарын өңдеу және өнеркәсіп саласындағы ірі инвесторлар да Үкіметпен, әкімдіктермен бірлесе отырып, өздері жұмыс істеп жатқан өңірлердің тұрғындарына қолдау көрсетуге тиіс.

Қиындықта қол ұшын беру – игі дәстүр, халқымыздың қанында бар, бойымызға сіңген асыл қасиет.

Үшіншіден, қазіргі уақытта ең әуелі аса мұқтаж жандарға көмек көрсету керек.

Менің тапсырмаммен «Nur Otan» партиясының жобалары аясында 150 миллион теңге бөлінді.

Бұл қаражат карантин жарияланған Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға атаулы көмек көрсетуге жұмсалады.

Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін менің шешіміммен Тұңғыш Президент Қоры есебінен тағы 200 миллион теңге бөлінді.

Жалпы, коронавирусқа қарсы күреске арналған қаражаттың дұрыс жұмсалуын «Nur Otan» партиясы бақылауында ұстайды деп ойлаймын.

Төртіншіден, үлкен кісілерді, балалар үйі тәрбиеленушілері мен арнаулы ауруханалардағы науқастарды қажетті заттармен үзбей қамтамасыз етуге баса көңіл бөлген жөн.

Еліміздің көмекке мұқтаж әрбір азаматына қамқорлық көрсетілуге тиіс.

Қазақстандықтар қиын кезеңдерде әрдайым бір-біріне жәрдемдескен.

Бұл іске еріктілер қозғалысының өкілдері де атсалысады деп сенемін.

Бесіншіден, біз пандемиямен күрестің «алдыңғы шебінде» жүрген дәрігерлер мен медбикелерді, құқық қорғау органдары мен әскери қызметкерлерді қолдауымыз керек.

Олардың иығына ауыр жүк түсіп, зор жауапкершілік артылып отыр.

Жұртшылықтың оларға көмектесіп, түсіністік танытуға және барлық нұсқауын жауапкершілікпен орындауға тырысқаны жөн.

Қадірлі отандастар!

Біздің бірлігіміз – қазіргі қиындықты еңсерудің кепілі.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында бұдан да күрделі кезеңдерді бастан өткердік.

Барлық ауыртпалықты жеңіп, әрдайым ортақ Отанымыздың гүлденуі жолында еңбек етіп келеміз.

Осы жолғы сынақты да ел болып еңсереміз деп сенемін.

Қазақстанның жолы қиындықсыз болмайтынын мен тәуелсіздіктің бастапқы кезінде-ақ білгенмін.

Бұл ретте тарих пен уақыт біздің жоспарымызға өзгерістерін енгізетінін ескерген едім.

Жайма-шуақ кездердің өзінде де біз алдымыздан шығуы мүмкін сын-қатерлерге дайындалып, алмағайып уақыттарда қажет болатын резерв қалыптастырдық.

Жинақталған алтын-валюта қоры мен Ұлттық қор қаражаты әрдайым біздің қабылдаған шараларымыз бен жалпы ұлттық экономиканы қолдауға септігін тигізді.

Қазір осы күрделі ахуалдан шығу үшін Қазақстанда барлық қажетті ресурс бар, қор да жеткілікті.

Бұл – біздің «Алдымен экономика, сонан соң саясат» қағидатына негізделген бағыт-бағдарымыздың нақты нәтижесінің бірі.

Жаңадан мемлекет құру оңай емес, ал оны сын-қатерден қорғау және тәуелсіздікті сақтап қалу одан да қиын.

Бізде тәжірибе де, нақты іс-әрекет алгоритмі де бар.

Мен ұлтты ұйыстырудың, бірлік пен қоғамдағы келісімнің маңыздылығын үнемі айтып келемін.

Тұтастығымызды тағы бір рет дәлелдейтін күн туды.

Еліміздің барлық азаматтарын төзімділік танытуға, мемлекет қабылдап жатқан шараларды қолдауға шақырамын.

Бірлік барда алынбайтын асу жоқ.

Келе жатқан Наурыз мейрамы – біздің бірлігіміздің нышаны.

Шуақты мереке қарсаңында әрбір шаңыраққа шаттық пен игілік тілеймін!

Барлық ауыртпалық бізді айналып өткей.

Қазақстан бұл қиындықты да еңсеріп, дамудың жаңа кезеңіне аяқ басады деп нық сенемін.

Біз біргеміз!

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,**
*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы.*



# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КҮРДЕЛІ ЖАҒДАЙДАН САБАҚ АЛУҒА ШАҚЫРДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бас прокуратура мен Жоғарғы сотқа заңдылықты, құқықтық тәртіп пен қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету алгоритмін әзірлеуді, соттардың ісін төтенше жағдайға көшіруді ұсынды.

Мемлекет басшысы жұмыссыз жастарға «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында тиісті жалақы төлей отырып, оларды су тасқынына қарсы іс-қимылдарға, көктемгі егінге, құрылысқа және басқа да жұмыстарға тартуға шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, дағдарыс жағдайында жұмыс істеп тұрған әрбір кәсіпорын, әрбір жұмыс орны аса маңызды. Осыған орай фискалды органдарға дағдарыс кезінде кәсіпкерлерге ешқандай қысым жасамай, өздерінің жұмыс әдісін қайта қарауды тапсырды. Бұдан бөлек қауесеттер мен арандатушылық ақпараттарға тосқауыл қою жұмыстары ерекше бақылауға алынуы тиіс. Бұл туралы Ақорда сайтында жарияланды.

– Бүгінде алдыңғы шепте өз бастарын үлкен қатерге тігіп, демалыссыз жұмыс істеп жатқан біздің азаматтарымыз – дәрігерлер, полиция қызметкерлері және басқа да мамандар өз отбасыларын сирек көреді. Соған қарамастан, өздерінің азаматтық және қызметтік борыштарын толық орындап жүр. Сіздерге шынайы алғысымды білдіремін. Үкімет пен әкімдерге қосымша қаржы тауып, коронавирусқа қарсы күрес жұмыстарына тартылған дәрігерлерге, полиция қызметкерлеріне және өзге де мамандарға 1 айлық көлемінде сыйақы беруді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент төтенше жағдай кезінде айыппұлдар мен өсімпұлдарға қатысты бұған дейін қабылданған тыйымдардан бөлек, дағдарыстан зардап шеккен халықтың барлық займдары бойынша қарыздың негізгі бөлігін және сыйақысын тоқтата тұру қажет деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайға байланысты табыс көзінен айрылған қазақстандықтарға ай сайын 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде (42 500 теңге) төлей бастауды тапсырды. Жалпы мұндай көмекке кемінде 1,5 миллион адам ілінеді.

– Мемлекеттік комиссияға төлемдердің тиімді әрі ашық механизмдерін әзірлеуді тапсырамын. Арнайы құрылған өңірлік штабтар нақты көмек алушылардың тізімін жұртшылықтың және «Атамекен» ҰКП қатысуымен жасайды. Сонымен қатар бизнес, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік жұмыс орнын сақтап қалу шараларын қабылдауы, қызметкерлерін жұмыстан шығармауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент күрделі жағдайды жеке басына пайдаланатын алаяқтыққа, алыпсатарлыққа жол бермеу керек деп санайды. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін барлық елді мекендерді қажетті заттармен қамтамасыз етуді талап етті.

– Бұл жұмыстарды жүйелі атқару үшін әлеуметтік маңызы бар тауарлардың тізімін бекітіп, сол арқылы бағаны мемлекеттік реттеуді енгіземіз. Барлық облыстар мен қалаларда азық-түлік және ең қажетті тауарлардың қоры жеткілікті. Әр аймақтың әкімі ең қажетті тауарлардың нақты есебін жүргізуі қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ұялы байланыс пен интернетке, әсіресе, ағартушылық ресурстарға, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге қол жетімділікті арттыруды тапсырды. Төтенше жағдай кезінде тұрғындардың қарызына қарамастан, байланыс қызметін үзбеу керек. Бұдан бөлек мемлекеттік комиссия коммуналдық қызмет төлемдерін төмендету үшін жүйелі жалпыреспубликалық шаралар әзірлеуі қажет.

Президент сөзінің басым бөлігі кәсіпкерлікті қорғауға арналды.

– Қазіргі күрделі жағдайдан зардап шеккен шағын және орта кәсіпкерліктің барлық несиелері бойынша негізгі қарыздары мен сыйақыларын төлеуді тоқтата тұру – оларды нақты қолдау механизмдерінің бірі. Іскерлік белсенділікті салық тұрғысынан ынталандыру және бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар әзірлеуді, шағын және орта кәсіпкерлікті барлық салық және міндетті төлемдерден 3 ай мерзімге босатуды тапсырамын. Осы кезеңде оларға айыппұлдар мен өсімпұл жүрмеуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қаржы министрлігіне мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдардың келісім-шартта көрсетілген міндеттемелерін толық орындауын бақылауды күшейту тапсырылды. Іс жүзінде көрсетілген қызметтер мен атқарылған жұмыстардың барлық төлемдері 5 күн ішінде аударылуы қажет. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялар орындаушыларға айыппұл салмауы және сенімсіз орындаушылардың тізіміне қоспауы тиіс. Қысқа мерзім ішінде отандық тауар өндірушілердің реестрі жасалып, мемлекеттік сатып алулардың арнайы режимі енгізіледі. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» арнайы бағдарламасы – іскерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды қолдаудың тағы бір құралы болуы тиіс. Президент теңгенің айырбас бағамын тұрақтандыру үшін Ұлттық банкке, Үкіметке және квазимемлекеттік компаниялардың басшыларына квазимемлекеттік сектордағы субъектілердің экспорттық пайдасын міндетті түрде еліміздің валюта нарығында сатуын қамтамасыз етуді тапсырды.

– Осындай күрделі жағдайда мемлекетті басқару түбегейлі өзгеруі тиіс, өзімізге жауапкершілік алып, батыл әрі тиімді шешімдер қабылдауымыз керек. Мен Үкіметтің әрбір мүшесіне, әкімдерге ерекше режимде жұмыс істейтін уақыт келгенін жеткізгім келеді. Қазіргі жағдайдың қаншалықты күрделі екенін түсінбейтін, ескі әдіспен жұмыс істеп, өз ісіне немқұрайды қарайтындар орындарын босатуы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдерге шұғыл шаралардан бөлек, жағдайды тұрақтандырғаннан кейінгі уақытты ескере отырып, жүйелі бағдарламалар әзірлеп, қабылдауы қажет екенін айтты.

– Қазіргі қалыптасқан жағдай күрделі болғанымен, аса ауыр деп айтуға болмайды. Біздің барлық мүмкіндігіміз бен қорымыз бар. Ең бастысы, қолайсыз жағдайға дер кезінде дайындықты бастадық және не істеу керек екенін білеміз. Салықтық жеңілдіктер мен жергілікті деңгейдегі қолдауларды есептемегенде, дағдарысқа қарсы шараларға бөлінген қаржының жалпы көлемі 4,4 триллион теңгені немесе 10 миллиард долларды құрайды, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында барлық қазақстандықтарды бірігуге, осы күрделі жағдайдан сабақ алуға және ахуал тұрақталғаннан кейінгі жағдайда қажет болатын жаңа жүйелі әдістер іздеуге шақырды.

– Әрбір дағдарыстың екі жағы бар. Біріншіден, бұл, әлбетте – қауіп, екіншіден, бұл – мүмкіншілік. Індет, дағдарыс дегеніміз – уақытша, өтпелі құбылыс. Біздің алдымызда тұрған мақсат – мүмкіндікті барынша пайдалану, осы дағдарыстан аман-есен шығып, одан да мықты болу. Біз әрқайсымыз өз міндетімізді жауапкершілікпен орындасақ, бұл қиындықтан тезірек шығамыз деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Отырыс барысында қалыптасқан жағдайға байланысты Премьер-Министр Асқар Маминнің, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевтың, Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың, Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың есептері тыңдалды.



# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАР ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАНУДА

## Базарлар - басты назарда

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚР территориясында COVID-19 коронавирусын пандемия деп тануына байланысты, төтенше жағдай жарияланған болатын. Осыған орай, Түркістан облысында да індеттің таралуына тосқауыл қою бойынша барлық шаралар қарастырылып, жұмыстар атқарылуда, - деп хабарлайды Түркістан облыстық өңірлік телекоммуникациялар қызметі.

Соның бірі ретінде адам көп жиылатын қоғамдық орындардағы тазалықты сақтау, санитарлық талаптарды қалыптастыру мақсатында облыс орталығындағы бірқатар қоғамдық орындар дезинфекцияланып, залалсыздандырылуда. Түркістан облысының дезинфекция орталығының мамандары қала аумағындағы “Асанбай ата” мешіті, “Яссы” автовокзалы, М.Мәметова атындағы №6 орта мектеп пен орталық “Қуаныш” базары сияқты орындарға арнайы құралдардың көмегімен дезинфекциялау жұмыстарын жүргізді. Қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, арнайы сұйықтықтар мен дәрілер сеуіп, аталмыш нысандарды толығымен залалсыздандырды. Сонымен қатар, арнайы мамандар осы нысандар аумағындағы тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сақтық шараларын сақтауға шақырды.




Аталған жұмыстар күн сайын тұрақты түрде қаланың барлық аумағында жүргізілетін болады.

## Жетісайда сақтық шаралары күшейтілген

«Коронавирус - елге келген сынақ». Осылай деген Жетісай ауданының әкімі тұрғындарды сабырға шақырды. Төтенше жағдайға байланысты сақтық шаралары күшейтіліп 6 бекет қойылса, жеке кәсіпкерлер жұмысын уақытша тоқтатқан. Ал, егіннің ебін тауып, көкөніс өндіруде еселі өнім алып жүрген шаруалар өз ісін ілгерілетуде. Мәселен, жердің тоңы кеткен сәттен бастап, ерте егілетін дақылдардың егістік көлемі 2 мың гектарға жеткізілсе, қосымша 1,5 мың гектарға қырық қабат егілген. Сақтық шараларын қатаң ұстансақ, әлемді жайлаған індеттің алдын алуға болады. Жетісай ауданының әкімі Жамантай Бейсенбаев аудан тұрғындарының барлығын төтенше жағдай кезінде сабыр сақтап, жеке бастың тазалығын қатаң сақтау керектігін ұсынды. Бүгінде індеттің алдын алу бойынша аудан аумағына қатынайтын қоғамдық көліктерге залалсыздандыру жұмыстары қолға алынған. Ал, автобекеттерде бір күнде екі рет тазалық жұмыстары жүргізіліп, дезинфекция жасалады екен.



Сонымен қатар, халық көп шоғырланатын орындардың барлығына арнайы нұсқаулық қағаздары таратылып, базарлардың жұмыс уақыты қысқартылған.

Қазіргі таңда Жетісай ауданында азық-түлік қоры жеткілікті. Сондықтан да, бағаның күрт өзгеріп өсуі негізсіз. Және төтенше жағдай кезінде өз бетінше тауар бағасын асырып, қалтасының қамын ойлағандар заң алдында жауап бермек. Әзірге мұндай жайттар анықталғанымен, тек ауызша ескертулер жасалыпты. Ендігі жерде, хаттама толтырылып айыппұл салынбақ.

Ауданның бас санитары індеттің алдын алу үшін, барлық сақтық шаралары қарастырылып, базарлар тазаланып, тұтынушылар үшін арнайы антисептиктер қойылған екен. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегендей тұрғындарға хабарламалар жасалып, оларды сақтандыру ісі үздіксіз атқарылуда. «Жалқаудың кетпені күн астында, етігі көлеңкеде тұралайды», - деген мақал жетісайлықтарға айтылмаған.

Ягни, төтенше жағдай кезінде де көктемдік егін шаруашылығын жандандыру мақсатында жылдағы жұмыс өз деңгейінде атқарылуда. Ал, халық көп шоғырланатын орындарды бақылауда ұстау үшін 5 жұмысшы топ құрылып, 24 сағат тапсырманы тиянақты орындауда.



## Сарыағашта да қадағалау қарқынды

Сарыағаш қаласындағы азық-түлік базарларында көкөніс бағасы біршама қымбаттаған. Алайда, төтенше жағдай кезінде нарықты көтеріп, өз пайдасын ойлаған азаматтарға әкімшілік хаттамалар толтырылды. Ал, мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, халық көп жиналатын бұл орындарда қаншалықты санитарлық талаптарды сақтауда? Жұқпалы індетті жою үшін жасалып жатқан залалсыздандыру жұмыстары өз деңгейінде атқарылып жатыр ма? Сұрақтарға жауап іздеп көрдік.

Күнделікті 1000- ға жуық тұтынушыға қызмет көрсететін «Бөбек» базарында бағалар әр түрлі. Мәселен, күнделікті ас-ауқатқа қажет ететін картоптың бағасы бір жерде 110 теңге болса, енді бірінде 125 теңгеден сатылымға қойылған. Базар басшысының айтуынша, бағаны тұрақтандыру үшін арнайы комиссия құрып, талаптарды күшейтуде. Ал, төтенше жағдайға байланысты санитарлық тазалық залалсыздандыру жұмыстары күнделікті жасалуда екен.

Негізінен, Сарыағаш қаласында 4 ірі сауда орны жұмыс жасайды. Бұл орындардың барлығында санитарлық талаптар сақталған. Дегенмен де, тәртіпке бағынбай, азық-түліктің беттерін ашықшашық сатқан саудагерлерге айыппұл салынуда. Мамандардың айтуынша, төтенше жағдай бекітілген күннен бастап, мұнда тек 1 оқиға тіркелген.

Мұнан соң, танысуды «Дәулет» базарында жалғастырдық. Сауда орны басшылығының айтуынша, күніне екі рет залалсыздандыру жұмыстары жүргізілсе, келушілердің гигиеналық тазалығын қамтамасыз ету мақсатында базар қақпаларына антисептиктер қойылған. Бүгінде орталықтағы сауда орындарының жұмыс уақыты да мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қысқартылған. Ал, ойын-сауық орталықтары мен тойханалардың барлығы да жұмыстарын уақытша тоқтатқан. Ауданда төтенше жағдайға байланысты құрылған комиссиялық топ күнделікті кешкі сағат оннан кейінгі рейдтік жұмыстарын жалғастыруда.

Әрине, жеке бастың тазалығы - түрлі індеттің алдын алуға сеп болмақ. Қазіргі таңда дүние жүзін дүрліктірген індетке қарсы тұру үшін, әуелі әр адам өзінен бастау қажет. Сонымен қатар, төтенше жағдай кезінде азық түліктің бағаларын шарықтатып, қарапайым халықты дүрліктірмей, бір-бірімізге қолдау көрсету - індетті бірлесе жеңудің бір үлгісі болмақ.

## Келесте азық-түлік қоры жеткілікті

Келес ауданында халық күнделікті тұтынатын азық-түлік қоры 1,5-2 айға жетеді. Бұл - аудан басшылығы жүргізген мониторингтің нәтижесі. Ал, пандемияға байланысты ауданның қақпасына қойылған бекеттен бір күнде 200-ден астам адам тексерістен өтуде. Бұл тұста тұрғындардың қауіпсіздігі де қатаң бақылауда. Дегенмен, жаңадан құрылған аудан орталығындағы ірі сауда орындарында тазалық жұмысы талапқа сай ма?

Ауданның әкімшілік шекарасына қойылған бекетке аудандық полиция, медицина мамандарымен әкімшілік өкілдерінен құрылған жұмысшы топ өзге облыстардан келетін азаматтарға тексеріс жұмыстарын күшейткен. Тіпті, жүк көліктері де бақылауға алынған. Ал: «Елдімекендегі тұрғындар үшін арнайы бетперделер тігіліп, тұрмысы төмен отбасыларға тегін




таратылған, - дейді аудан әкімі Ақментай Есбаев. Тіпті, жеке кәсіпкерлер мен орта арнаулы білім ордалары бетперде тігіп, дәріханаларға өткізуде екен.

Мәселен, картоп 9 теңгеден сатылымға қойылса, пияз 110 теңгеден саудалануда. Алайда, базарларға өз тауарын алып шығып, әкімшілік нақтылаған бағадан асыра сатып жатқан кәсіпкерлерге ескертулер жасалуда.

142 мың тұрғыны бар Келес ауданының орталығында әзірге 2 ірі сауда орны күнделікті тұрғындар үшін қызмет көрсетуде. Аталған базарға арнайы барып, жасалып жатқан жұмыстың барысын да көрдік. Дегенмен, жабайы сауда тыйылар емес. Сонымен қатар, сауда орнының алдындағы тазалық жұмыстары талапқа сай келмейтін сияқты. Алдағы уақытта қалыпқа келтіріп, санитарлық жұмыстарды жоспарға қойған Абай ауылының әкімі бірден саудагерлерге ескерту жұмысына кірісті.

«Біз біріксек, алынбайтын қамал жеңілмейтін ауру жоқ». Осылай деген аудан әкімі тұрғындардың барлығын ауызбіршілікке шақырып, Ұлыстың Ұлы мерекесі әз -Наурыз мерекесімен құттықтады.

Ал, пандемияға қатысты мемлекет басшысының тапсырмасына сай, төтенше жағдай аяқталғанша барлық сақтық шараларын өз деңгейінде атқарып, тұрғындардың саулығын қамтамасыз ету ісі аудан басшысының басты назарында.

## Ордабасы ауданында әлеуметтік пакет таратылды



Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет беруді тапсырған болатын. Жауапты мамандар кепілдендірілген әлеуметтік пакет алушыларға айына бір рет азық-түлікті, тоқсанына бір рет тұрмыстық химиялық тауарлар жиынтығын жеткізуде. Бүгінде қаңтар және ақпан айының әлеуметтік пакеттері тапсырылды. Бадам ауылдық округінен сайланған Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Дулат Әбіш әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көрсетіліп жатқан мемлекеттік көмекпен танысты.

Аз қамтылған отбасыға АӘК тағайындалған соң, кепілдендірілген әлеуметтік пакет алатындардың тізімі жасалады.

Ордабасы ауданында 5530 отбасы АӘК алса, оның 60%-ы кепілдендірілген әлеуметтік пакет алуға ұсыныс білдірген. Бадам ауылдық округінің аумағында 95 отбасы жоғарыда аталған санатқа енгізіліп, балалардың жас айырмашылықтарына қарай бөлінген қораптар отбасыларға табысталуда. Бүгінде 1-3 жас аралығындағы 43 бүлдіршін болса, 3-6 жас аралығындағы 57 бала тіркеуден өткен.

Бадам ауылдық округіне қарасты қоғамдық жұмыста қызмет ететін көпбалалы ана өзіне тиесілі әлеуметтік пакеттерін алғаш рет алып тұр. Айша Қарабалаева атаулы әлеуметтік көмекке құжаттарын тапсырып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмек үшін алғысын жеткізуде.

Ордабасы ауданына қарасты 10 ауылдық округ болса, бүгінде екі бірдей ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан қарастырылған әлеуметтік пакеттері таратылды.

**Мақсат ТОҚСАНБАЙ**

Зілді әзіл

# 1-ші сәуір екен!

*-Көке, келіңіз.*
*-Әлгі көпір...*
*-Бір ауыз сөзіңіз,*
*Ертең-ақ жөндейміз.*
*-Былтырда жөндеген*
*-Биыл жемқорлыққа көнбейміз.*
*-Тағы қандай мәселе?*
*-Асфальт керек көшеге.*
*-Бітті.*
*Тіпті,*
*Аспаннан тас жауып тұрса да,*
*Осы аптада төсейміз.*
*-Спорт зал...*
*-Көреміз.*
*-Монша...*
*-Салып береміз.*
*Әкім бала, әкки бала,*
*Жыпылдап,*
*Сыпылдап,*
*Іш-бауырыма кіріп барады.*
*-Жасыңыз?*
*-Жетпісті!*
*-Басыңыз?*
*-Ауырмайды*
*Ауырса да, кешке қарай*
*Сәл айналып ауырлайды.*
*-Асқазан?*
*-Аттай!*
*Жатпай жұмыс жасаймын*
*-Беліңіз?*
*-Қақсамайды.*
*-Аяқ?*
*-Ақсамайды.*
*-Керемет!*
*Мақтандым!*
*-Ауырмағанмын бір рет.*
*-Сонда да,*
*Сіз бүйтіңіз.*
*Саулығыңызды күтіңіз.*
*-Жаттығу жасайын ба?*
*-Ия, сөйтіңіз.*
*-Болмаса,*
*Сарыағашқа жолдама бар.*
*Демалыңыз.*
*Өз-өзіңізге кеп алыңыз.*
*Сөйтсем,*
*Бүгін 1-ші сәуір екен!*
*Алдаса да, әкім баланың*
*Үміт беріп,*
*Шығарып салғаны тәуір екен.*

**Ералхан ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ**

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

**Коронавирустың таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 16 наурыздан бастап Елімізде бір ай мерзімге төтенше жағдай жарияланды. Артынша Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында карантин режимі енгізілді.**

# «БӘЛЕ КЕЛСЕ, САБАҚ. БІЛ!»

Төтенше жағдай талаптарына сай тиісті құзырлы органдар өз қызметтерін атқаруда. Бүкіл ел болып заңға, ортақ ережеге бағынып, мамандардың кеңесіне зейін қойып, айтқандарын бұлжытпай орындайтын болсақ, Құдайдың жәрдемімен бұл сынақтан да сау-саламат өтерміз.

Қазіргі жағдайға байланысты алқалы басқосулар, той-жиындардың бәріне тыйым салынды. Жоғарғы оқу орындары мен мектептер, т.б. жабық. Көпшілік үйлерінде отыр. Осыған орай әлеуметтік желілерде уақытты босқа өткізбеу туралы түрлі ұсыныс, пікірлер айтылуда. Шынында, бұл өте терең ойланатын мәселе. Біз не істеуіміз керек? Әрине, бірінші кезекте жоғарыда айтқанымыздай, тәртіпке бағынып, сақтық шараларын қатаң ұстануымыз қажет. Сонымен қатар, біз ойлануға тиіспіз, міндеттіміз. Адамның адамшылығы ойлана білуінде. Ал, бүгінгі таңда ойланатын мәселе коронавирустен басқа не болуы мүмкін. Коронавирус деген не, ол қайдан келді және мақсаты қандай? Коронавирустың биологиялық сипаттамасын биолог-вирусолог мамандар айтып жатыр. Ал, біз бүгін бұл мәселені халқымыздың рухани танымы тұрғысынан зерделеп көрсек.

Себепсіз ешнәрсе де болмайды. Қожа Ахмет Яссауи р.ғ. бабамыз «Бәле келсе, сабақ, біл! Хақтан болар, Қожа Ахмет» дейді. «Басқа бәле келмейді, Алла жазбайынша. Алла бәле жазбайды, Адам азбайынша» депті Мәуләнә Руми р.ғ. «Алланың әмірінсіз аяққа тікен кірмейді», «Құдайсыз қурай да сынбайды» деген халқымыздың даналық сөздері және бар. Міне, осы айтылған ақиқатқа қарап, коронавирус Алла Тағаланың адамзатқа сабақ болуы үшін жіберген бәлесі деп есептеуімізге толық негіз бар. Ал, бұдан кім сабақ алады, кім алмайды, мәселе сонда. Және қандай сабақ алуымыз керек?

Қазір бүкіл әлем бойынша бәледен құтқаруын сұрап, Құдайдан тілек тілеп жатқандар да аз емес. Біз де сұрап жатырмыз. Көпшіліктің тілегі: індеттен тезірек, аман-есен құтылсақ. Құтылайық! Құдай құтқарса, коронавирустен де құтылармыз. Бірақ, Алла Тағаланың одан да басқа бәлелері көп қой. Біз дұрыс сабақ алмасақ, ертең бұдан да жаман бір бәлесі келмесіне кім кепіл?! Соңғы жылдары әлемде қаншама түрлі-түрлі табиғи апаттар, зілзала, өрт, т.б. орын алуда. Осы бәлелерден адамзат сабақ алды ма? Жоқ. Қайта «Ойласаң, барша адамзат туған бауыр, бірін бірі шұқылап қылды жауыр» деп Шәкәрім атамыз айтқандай, адам ұрпақтары дүние байлыққа, билікке таласып бір-бірінің қанын төгуде. Аштық, экологиялық апаттар т.б. бәрі-бәрі адамзаттың өз қолымен жасалуда. Тіпті, қазір бүкіл тіршілік атаулыға, адамзаттан Жер анамызға қауіп төніп тұр ... Бұлардан бөлек, айтуға ауыз бармайтын қаншама рухани азғындықтар орын алуда. «Алла бәле жазбайды, Адам азбайынша» деп Руми р.ғ. айтқандай, осының бәрі Құдайдың бәлесінің келуіне себеп болып жатыр.

Біздің қазақ ұғымында Алла Тағаланың бәлесі де, оның келу жолдары да өте көп. «Бәле қайда, бассаң аяқ астында», «Басқа бәле - тілден» дейді дана халқымыз. Яғни, аталарымыз айтқандай сақтықпен, «Ақырын жүріп, анық баспасақ», айтатын сөзімізді ойланып, байқап сөйлемесек, бәлеге ұшырауымыз оп-оңай. Бәлеге шақыртқы болатын ең жаман нәрсе ол - алауыздық. «Отбасы ала болса, кереге басы сайын бәле болады» дейді данышпан аталарымыз. Тағы бір мақал, «Тау мен тасты жел бұзады, адамзатты сөз бұзады». Өкінішке қарай, бәленің келуіне себеп болатын осындай жаман әдеттерден біз де кенде емеспіз.

Себепсіз ешнәрсе де болмайды. Себебі болмаса, Құдайдың бәлесі де келмейді. Ата-бабаларымыздың сөздеріне зер салсақ, бәленің келуіне негізгі себеп тілден туындайтынын анық көреміз. Ол өсек, өтірік, жала, алдау, арбау, ел ішіне сөз жүгірту, азғыру, аздыру, т.б. Бұлар БАҚ-да да, әлеуметтік желілерде де желдей есіп тұр.

«Бәле келмей тұрып - қорық»

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу» керектігін айтқан аталарымыз, бәленің алдын алып, оны келтірмеудің де жолын көрсетіп кеткен. Ол - «Бәле келмей тұрып қорқу». Яғни, Құдайдан қорқып, бәле келмей тұрып, бәленің келуіне себеп болатын нәрселерден арылу қажет деген сөз. Ал, біз не істедік? Бәлеге себеп болатын жамандықтардан арылмақ түгілі үдеттік. Бәленің құлағы қылтиып Қытайдан көрінгенде, елең де қылмадық. Коронавирус көріне мініп, алып елді састыра бастағанда да ойланбадық. Ойланбақ түгілі бұл мұсылмандарға көрсеткен қорлығы, қиянаты үшін Құдайдың, Қытайға ғана жіберген бәлесіндей көріп табаладық, сауап болды дестік. Ақыры не болды? Коронавирус қытайдан асып, бүкіл әлем елдерін аралап кетті, Қазақстанға да жетті. Осы жерде сабақ аларлық бір мәселе, дұшпаныңның болсын басына келген бәлеге, қайғы-қасіретіне қуануға әсте болмайды екен. Қайта сақтанып, «Бәле келмей тұрып қорқып», Құдайдан пана тілеуіміз керек екен. «Дұшпанға да бол әділ, Түсірме ойға тат пен ніл!» дейді Шәкәрім атамыз. Біреудің басына келген бәлеге күліп едік, бізге де жетті, енді өзгенің игілігіне, жақсылығына қуанайық, сонда ол да бізге жұғысты болар.

Ел басшылығы індеттің алдын алу үшін, қатаң шараларды қолға алып, сақтаныңдар деп дабыл қағып жатқанымен, әлі де болса қауіп-қатерді жете сезінбей, елең қылмай жүргендер баршылық. «Елемеген бұта көз шығарады» дейді атам Қазақ. Бұл сөздің ақиқат екендігіне Италиядағы жағдай ашық дәлел. Сондықтан, тәртіпке бір кісідей толық бағынып, заң талаптарын, қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз орындауымыз қажет. Ал бұдан шығатын қорытынды, алатын сабақ – ешқандай да жамандыққа, бәлеге немқұрайды қарауға, елемеуге болмайды екен. Тіпті, көзге көрініп тұрған бәле жоқ болса да, сақтану қажет.

Коронавирустың пайдасы

«Кез келген жамандықтың бір жақсылығы болады». Қазір коронавирус індетінің пайдалы тұстары туралы да айтылып жатыр. Мемлекеттерде жарияланған төтенше жағдайларға байланысты, алып өндіріс орындары уақытша жұмыстарын тоқтатқан. Соның себебінен, экономикаға залал келіп жатқанымен, қоршаған ортаға айтарлықтай пайдасын тигізуде екен. Ал, қоршаған орта тазарып, экологиялық ахуал түзелсе, оның адам денсаулығы үшін қаншалықты маңызды болатындығы айтпаса да, белгілі. Дәл сол сияқты қазіргі карантиндік жағдайды тиімді пайдаланып, әр қайсымыз өзіміздің ішкі дүниеміздің ахуалын түзетіп алсақ, ең үлкен сабақ сол болар еді. Ал, ол үшін не істеу керек? Ол үшін өзімізді жақсы жаққа қарай өзгертуіміз керек. Өсек, өтірік, жала, алдау, арбау, т.б. бәлеге шақыртқы болатын жаман әдеттерден арылып, елдің тыныштығына, бірлігіне, гүлденуіне адамгершіліктің артуына себеп болатын жақсы қасиеттерге әдеттенуіміз қажет. Біз осылай өзімізді өзгерте алсақ, коронавирустың экономикалық, материалдық, т.б. зардаптарымен салыстырғанда оның рухани пайдасы орасан зор болып шығар еді.

Айыбымыз аз емес

«Странно, что мы просим у Бога изменить нашу ситуацию, не зная, что Он послал нам ее, чтобы изменились мы» дейді Омар Хаям р.ғ. Егер біз өзімізді өзгертуге тырыспасақ, Құдайдың тағы қандай сынақ жіберетінін кім білсін? Сондықтан, бүгіннен бастап бетбұрыс жасауымыз қажет. Әрине, адамның өзін өзі өзгертуі оңай емес. Бірақ, бәрі ниетке байланысты. Ең бастысы, ниетімізді түзесек, жақсылыққа ұмтылсақ. Абай атамыз айтқандай «болмасақ та, ұқсап бақсақ».

Бабаларымыз қойып кеткен қағидаларымен қарасақ айыбымыз аз емес, кінәміз көп. Ал «күнәнің емі – кешірім сұрау». Сондықтан мына қиындықтардан құтқар демес бұрын, бірінші кезекте кінәмізді мойындап, Құдайдан кешірім сұрауымыз жөн емес пе? Сонан соң, «Иілген басты-қылыш кеспейді». Бұл аталарымыздан жеткен ақиқат! «Менің кінәм не?» деп ақталудың да жөні жоқ. «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» демей ме Абай атамыз. Бәрімізде кінәліміз, күнәліміз. Бір біріміздi кешіріп, бір-біріміздең кешірім сұрап, сөйтіп, бірлігіміздің қисайған туын тіктеп, алауыздықтан арылсақ, онда нұр үстіне нұр болар еді.

**Сейсенбай АХМЕТ**

## Қазақстанның шекарасында санитариялық - карантиндік пункттер құрылады




ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы өткізу бекеттерінде санитариялық-карантиндік пункттерді құру шараларын қолға алды.

Арнайы карантиндік аймақтар құрылатын өткізу бекеттерінің тізімін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітетін болады. Бұдан бөлек, жекелеген өткізу пункттерін уақытша жабу мүмкіндігі қаралмақ.

Қазақстанның мемлекеттік шекарасында барлығы 51 өткізу бекеті бар. Оның 37-сі Еуразиялық экономикалық одақ елдері (Ресей Федерациясы, Қырғызстан Республикасы) шекарасында, 14-і Қытай Халық Республикасы, Өзбекстан және Түркіменстан елдері шекарасында орналасқан.




# СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

2019 жылдың 2-ші қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақ елінің баянды бірлігінің нәтижесінде ата-балаларымыз армандаған Тәуелсіздігіміздің тұғыры бекемделгенін, кең байтақ жерімізді мекендеген көпұлтты халықтың ынтымағы нығайғанын, бейбіт өмір аясында еңбек көрігін қыздырып, Қазақстан экономикасының ілгерілегенін, бейбітшілік пен келісім салтанат құрып, жетістіктерді еселеудің мүмкіндігі келгенін айтты.

Бір құптарлығы- Тәуелсіз еліміздің даму жолын әлем мойындап қана қоймай, мұны Назарбаев моделі деп бағалады. Жолдауда саяси жүйенің формуласы- мемлекет тұрақтылығының негізі саналатыны сипатталған. Сондықтан, заман талабына сай тиімді мемлекет қалыптастыру бағытында көп болып қолға алатын іс ауқымды. Соның бірі-азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Өйткені, азаматтардың құқықтарын заң аясында қорғау мен олардың қауіпсіздігін барынша күшейту-өзектілігін ешқашан жоғалтпайды. Бұл сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалардың негізгі факторы.

Сот шешімі әділ әрі шынайы болуы үшін, жұмыс сапасын арттыру үлкен маңызға ие. Әрине, ол үшін күн талабына толық жауап беретін, халықпен тығыз байланысты нығайтатын шараларды іске асыру қажет. Бұл үшін судьяларға артылатын жүк ауыр. Олай дейтініміз олар заңды және ішкі сенімді байланыстыра отырып, шешім шығарып отырса, онда Жолдау қойған міндеттерді жүзеге асыру қиынға соқпайды. Ол үшін шығарылған сот шешімдерін мұқият қарап, мүмкіндігінше талдап, жұмысқа жауапкершілікпен қараса, онда бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға жол ашылады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде, көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады.

Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді.

Сондықтан, осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет.

Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы»-деп атап көрсетті.

Сондықтан, қазіргі таңда процессуалды – процедуралық әкімшілік кодексін қабылдау қажеттілігі туып отыр.

Бұл азаматтардың мемлекеттік органдардың шығарған шешімдеріне келіспеген жағдайда, өздерінің заңды мүдделерін қорғауына мүмкіншілік береді әрі сотқа деген сенімі арта түседі.

**Әбдімүтәліп БЕКТҰРҒАНОВ,**
*Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы.*

## Бұл аптада кімдер туылған?

**25.03.1949**
***Әтірхан Шыңғысбаев,***
*Түркістан облысының «Құрметті азаматы».*

**26.03.1961**
***Полат Қырықбаев,***
*Түркістан облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы.*

**26.03.1974**
***Дархан Сатыбалды,***
*Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі.*

**27.03.1970**
***Баймахан Сүлейменов,***
*Түркістан облыстық мәслихатының депутаты.*

**28.03.1950**
***Зуппархан Чалданов,***
*Түркістан облыстық мәслихатының депутаты.*

**30.03.1951**
***Сергей Терещенко,***
*Қазақстанның Еңбек Ері.*

**30.03.1960**
***Сихымбай Сағындықов,***
*Сайрам аудандық мәслихатының депутаты.*

***Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!***

# ҚОЛДЫ ЖУУ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Коронавирустың таралуының алдын алу мақсатында Мемлекеттік комиссия Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан Қазақстанның өзге аймақтарына шықпауды қамтамасыз етуде. 19 наурыз сағат 00:00 ден бастап карантиндік режим енгізілгені белгілі. Дегенмен, ірі қалалардан Шымкент пен Түркістан облысына оралушы халық саны кем емес. Дүние жүзінің ғалымдары бұл вирустан оңай құтылудың жолын таппай отыр. Қолдан келер шара жеке гигиенаны қатаң ұстану. Облыстық аурухана дәрігерлері де халыққа осылай үндеу жасады.



Ковид-19 вирусын жұқтырғаннан соң, емдік шаралары аса көп күшті қажет ететіндіктен, жеке тұлғалар үшін сақтық шаралары өте маңызды. Халық даналығына құлақ түрсек те, "ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде" деген. Күнделікті телеэкран, әлеуметтік желіден естіп жүрген қарапайым қол жуудың қаншалықты маңызды екеніне назар аударсақ. Вирустың сыртын жабысқақ қасиетке ие қабықша қоршап тұр. Осы себептен амандасқан және вирус жабысқан заттарды ұстау арқылы тез жұқтырамыз. Ал, жабысқақ қабықшадан құтылудың жалғыз жолы сабын немесе құрамында спирт бар арнайы су сабынмен жуу. Түркістан облыстық қоғамдық денсаулық басқармасының мамандары да сақтық шараларының бірнеше түрін атап көрсетті.

Карантин жарияланған аймақтардан қаламыз бен облысқа келушілер саны соңғы аптада күрт көтерілді. Осы факторды негізге ала отырып әрбір азамат өзі және жақындарының өмірі үшін жауапты екенін тағы ескертеміз . Еске салайық, елімізде вирус жұқтырғандар 23 наурыздағы жағдай бойынша 68-ге жетті. Ал, дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек 187 мемлекет бойынша 294 110 адам.

**Ақнұр ҚАРАБАЙ**

# Назар аударыңыз!

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Төлебаев Әбдіманап Қошқарұлы, Қазақстан Республикасының Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығы негізінде, Шымкент қаласының тұрғындарының өмірін және денсаулығын қорғау, коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың таралуына жол бермеу мақсатында ҚАУЛЫ шығарды.

-Каулыда тойханалар, түнгі клубтар, кальян, караоке, компьютер клубтары, спорттық-сауықтыру кешендері, соның ішінде фитнес орталықтары, тренажер залдары, бассейндер, монша кешендері, балалар ойын алаңшалары, мектептен тыс қосымша білім беру нысандары(аула клубтары, секциялары және т.б.), және басқа адамдардың көп жиналатын орындарының жұмысы тоқтатылсын;

- Сауда орындарының жұмыстарына шектеу енгізіп, санитариялық-дезинфекциялық режимдік шараларын күшейту (қолды өңдеу үшін санитайзерлер, беткейлерді күніне екі рет өңдеу, дезинфекциялық заттарды қолдана отырып, ылғалды тазалау жұмыстары, бөлмелерді желдету), адамдардың көп жиналатын және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде (сауда-ойын орталықтары, базарлар, ХҚКО, діни мақсаттағы нысандар, коммуналдық шаруашылық, тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану, қызмет көрсету (әсемдік салоны, ателье, қонақ үйлер және басқалар) денсаулық сақтау, оның ішінде дәріханалар және білім беру объектілерінде;

- Әр рейстен кейін қоғамдық автокөліктің және қалааралық мақсаттағы автокөліктерге, аялдамаларына дезинфекциялық заттарды қолдану арқылы жуу жұмыстары жүргізілсін (күніне екі реттен кем емес);

- Объектілерде, оның ішінде халық көп жиналатын орындарда санитариялық-профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың орындалуын (күніне екі реттен кем емес) бақылауды қамтамасыз етілсін;

- Жеке гигиенаны сақтауға (жуу және антисептикалық құралдарды пайдалану), үй карантинін сақтауға (өзін-өзі оқшаулау) және ауру белгілері пайда болған жағдайда медициналық көмекке уақтылы қаралуы қажеттілігіне аса назар аудара отырып, коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары бойынша халық арасында санитариялық-ағарту жұмыстарын күшейту;

- Төтенше жағдай режимінде, Қаулының талаптарының орындалмауы анықталған кезде жауапты тұлғаның тәртіптік жауапкершілігін қарау, әкімшілік және қылмыстық іс қозғау, шаралары қолданылсын;

- Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

### Полиция халықпен бірге!

Елімізде «COVID-19» коронавирусының таралуына жол бермеу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев төтенше жағдай енгізуіне байланысты және Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тұрғымбаевтың тапсырмасы бойынша адамдар көп жиналатын жерлерде бірқатар шаралар қабылданып, уақытша шектеулер қойылды.

### Атап айтқанда:

•Ірі сауда объектілерінің жұмыс уақыты сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін;

•Киім-кешек базарлары сағат 11:00-ден 17:00-ге дейін;

•Қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмыс уақыты сағат 22:00-ге дейін және онда келушілердің саны бір уақытта 50 адамнан аспауы тиіс.

Қойылған шектеулерді орындамағаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабы бойынша (төтенше жағдай режимін бұзу) 10 АЕК айыппұл немесе 15 тәулікке қамау түрінде жаза көзделген. Билік өкілдері заң талаптарына бағынбағаны үшін тәртіп бұзушыларға ҚР ҚК 379-бабы бойынша 2000 АЕК көлемінде айыппұл немесе екі жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындайды.

Қабылданып жатқан шаралардың басты мақсаты – еліміздің әрбір азаматының қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау болып табылады. Сол үшін бәріміз бірге жұдырықтай жұмылып, болып жатқан жағдайға түсіністікпен және жоғары жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Себебі - індетпен күресу барлығымыздан қатаң тәртіпті сақтауды талап етеді.

Осы орайда, Шымкент қаласы Полиция департаментінің жеке құрамы қызмет етудің күшейтілген нұсқасына көшірілді. Қазіргі таңда полиция қызметкерлері қаладағы 161 тойханада, 801 қоғамдық тамақтану объектілерінде, 29 базар және 23 ірі сауда орындарында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тексеруде. Ерекше маңызға ие мемлекеттік нысандар мен мекемелерді тәулік бойы күзетуде. Әуежайларда қалаға келушілерді жедел жәрдем қызметкерлерімен бірлесіп қабылдап, денсаулығы күмән тудырған жағдайда, патрульдік полиция қызметінің автоэкипаждары жедел жәрдем қызметінің автокөліктеріне ілесіп, оларды медициналық емдеу мекемесіне жеткізуде.

Жоғарыда айтылған бағыттағы жұмыстар жасалуда және төтенше жағдай уақытында ары қарай осы қарқынмен жалғасады.

***Шымкент қаласы Полиция департаментінің Баспасөз қызметі***

АЙҒАҚ MEDIA
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.
Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС
Ұлжан НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Сейсенбай АХМЕТ - журналист
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Іляев көшесі, 29.
E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Қарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі
А Мақаланың жариялану ақысы төленген.
Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89
Газет тарайтын облыстар мен қалалар:
Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.
Жазылу индексі 65836 16+
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, 29.
Тапсырыс: №49
Нөмірдің кезекші редакторы - Ақерке Исмановна
Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

# Аңдатпа!



Ғасырлар қойнауынан қайта жаңғырған Әл-Фараби қазақ топырағынан туып неге Шам еліне аттанды? Өркениеті дамыған Отырар қанша ғұламаның отаны? Орта ғасыр философиясының бүгінде құны қандай? Зерттеулер мен жазба деректер Еуропаның даму тарихының бастауын неге әл-Фарабимен байланыстырды? Екінші ұстаздың қабіріне бірге кеткен шығармалары қандай? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын, сондай-ақ қазақ ғалымдарының Фараби мұрасына көзқарасы туралы деректі фильмді

***«Айғақ» телеарнасынан наурыздың 31-і күні сағат 16:30-да көріңіз!***

# Хабарлама

«Қайнар Астық» өндірістік кооперативінің Төрағасы Мадибеков Онласбек Муталиевичтің қайтыс болуына байланысты «Қайнар астық» Төрағасын ауысуына байланысты қабылдау комиссия (тексеру комиссия) мүшелерінің бастамасымен «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сай 2020 жылдың 25 сәуірінде БСН:000240006917, «Қайнар астық» өндірістік кооперативінің кезектен тыс жалпы жиналысы сырттай дауыс беру тәсілімен өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Кооперативтің төрағасын сайлау.

Кезектен тыс жалпы жиналысы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын сақтығымен өткізілсін.

Кезектен тыс жалпы жиналысқа тізімге енгізілген кооператив мүшелері дауысқа қатысуға құқылы.

Кооперативтің төрағасына кандидаттарға қойылатын талап: 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы, «Қайнар астық» өндірістің кооперативінің мүшесі.

Кооперативтің төрағасына сайлануға ниет білдірген кооператив мүшелері өздерінің арыздарын кооперативтің электронды поштасы: pkkainarastik@mail.ru 2020 жылдың 14 сәуіріне дейін «Қайнар астық» Төрағасының ауысуына байланысты қабылдау комиссиясы (тексеру комиссиясы) арыз беруі тиіс.

Арызға қосымша тіркелетін құжат: жеке басын куәландыратын құжат.

2020 жылдың 16 сәуіріне Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің бірыңғай нысаны дайындалып, тізімге енгізілген мүшелерге дауыс беруге таратылсын.

Сырттай дауыс беру, бюллетеньге кооператив мүшесі өзінің жеке басын туралы мәліметтерді көрсете отырып, кооператив төрағасына лайықты деген кандидатты таңдау жасау тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің қорытындысын санау мерзімі 2020 жылдың 25 сәуірінің сағат 14:00 деп белгіленсін.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің қорытындысын санау «Қайнар астық» ӨК Төрағасының ауысуына байланысты қабылдау комиссиясына (тексеру комиссияна) жүктелсін. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің қорытындысы тиісті хаттамамен рәсімделіп, тексеру комиссиясының барлық мүшелерімен қол қойылсын.

**Байланыс құралдары:**

**Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қасымбек Датқа ауылы, М.Рысалды көшесі, 18 үйі, pkkainarastik@mail.ru ұялы тел:8-702-8980658; 8-775-3369977.**

# «ТЕҢІН ТАПСА - ТЕГІН БЕР!», ҚАЛЫҢ МАЛСЫЗ ҚЫЗ БЕРУ

*Қазақтар қыздарын қалыңмалсыз күйеуге бермейтіні баяғыдан белгілі. Совет билігі кезінде қалыңмал туралы мәлімет үлкен кемшілік түрінде насихатталғандықтан, қазақтар қыздарын тек қалыңмал алып баю үшін ғана күйеуге беретін болған деген кереғар пікір қалыптасты.*

Шындығына келгенде, олай емес. Қалыңмал қыздың ата-анасына қызын тәрбиелеп өсіргені үшін ұсынылатын сый. Қызға беретін жасаудың бағасы алынған қалыңмалдан көп болмаса, аз болмайтыны осының дәлелі.

### *Қазақ қалыңмалсыз да қыз берген*

«Теңін тапсаң - тегін бер» – бұл қазақ арасында әлі күнге дейін жиі айтылатын нақыл сөздердің бірі. Қазақтар осы бір өмір ережесін ұстанып, қыздарын қалыңмалсыз теңіне беретін жағдайлар да кездесіп отырған.

Осындай бір оқиғаны музыка зерттеушісі Ахмет Жұбан «Ғасырлар пернесі» кітабында баяндайды: «Халық аузында Тәттімбетке үш атадан қосылатын Беген деген кісі бірде Қарағай бойы жайлап отырған Бәсентиінге (ру – Б.О.) келеді. Жақсы домбырашы, әнші Беген өзінің өнерімен Тәттімбеттің жақыны екенін танытқандай болады. Бұған себеп – Беген Тәттімбеттің күйлерін көбірек тартады. Тыңдаушылар алдында Бегеннің абыройы арта түседі. Олар бірінен соң бірі «Тәттімбеттің күйін тарт» – деп Бегенді қаумалап отырып алады. Әсіресе, оның «Тәттімбеттің жақыны едім» деген сөзі бұрынғыдан да тыңдаушылардың назарын көбірек аударады. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» дегендей, сол арадағы біреудің қызы Бегенге ғашық болып қалады. Қыздың осы күнге дейін «басы бос» болуының нәтижесінде ата-анасы қызды Бегенге беруге қарсы болмайды. Олар қаншама малды жақсы көрсе де, қазақ әдеті бойынша бір жағынан қызды «малым» деп есептеп жүрсе де, Тәттімбеттің жақыны деген бір ауыз сөз үшін, қалыңсыз беруге көнеді.

Өз шаралары өздеріне жететін қыздың әке-шешесі көптеген жасаумен, артынып тартынып қызды ұзатып, Бегеннің ауылына келеді. Бірақ мұндайды күтпеген ауыл оларға ешбір назарларын аудармайды. Бір жағынан қазақтың әдеті бойынша олар қалыңсыз қызды «арзан» деп ойлап та қалады. Қыздың әке-шешесі Тәттімбетке кісі жіберіп, өздерінің сәлемін айтады:

*Қызымды бердім Бегенге,*
*Қазанқап ұлы дегенге.*
*Тәттімбеттей серінің,*
*Күйін алып келгенге,* – дейді.

Жасында ақын, әнші болған қыздың шешесі осылай бастап, өлеңмен біраз жайларды айтып тастайды. Тәттімбеттің күйлерін айдап келген малдан артық көргенін, бұл ауылдың да ежелден өнер қуған ауыл екендігін, қазақша айтқанда «құтыла алмай отырған қыз жоқ екендігін» баяндайды. Бұл оқиғаның түп-негізін енді түсінген Тәттімбет айналасының бәрін жинап, үлкен той қылып, ойын өткізіп, қыздың әке-шешесін көптеген мал, дүниемен қайтарады. Олар Тәттімбетке «айтса айтқандай-ақ екен» деп қатты разы болып кетеді.

Менің бәрі оқыған, білімі терең болған арғы бабаларымның бірі де осылай үйлі-баранды болған екен. Бірде солардың бірі жағдайы жақсы бір байдың үйінде қонақ болыпты. Бабамның түрлі кітаптардан жыр оқитынын білген үй иесінің өтініші бойынша, сол бір қонақжай шаңырақта таң атқанша халық жырлары оқылыпты. Ертесіне риза болған бай менің бабамды бірнеше күн қалып жыр оқуын өтініпті. Ол кезде кітап оқитын адамдар сирек болған ғой. Оқу мақамы жұртқа өте ұнаған болуы керек, ертесіне ауыл ақсақалдары бабама тағы біраз уақыт ауылда қонақ болып, жыр оқып беруін қалайды. Сонымен, менің бабам үлкен кісілердің қалауына қарсылық танытпай сол ауылда біршама уақыт қалып жұртшылықтың көңілін әбден көтеріпті. Осы күндерді байдың сұлу қызы мен жыршы жігіт бірін-бірі ұнатып қалады. Жастардың арасында орнаған жарастық сезімді бүкіл ауыл сезсе керек. Бұл жағдайды қыздың ата-анасы да біліпті. Сонымен, қоштасатын күн жақындап, жолға шығарда үй иесі менің бабамның өнеріне риза екенін айтып ризашылық білдіріпті. Жігіттің өзінің қызын ұнатып қалғанын да білетіні туралы емеурін танытыпты. Содан соң қызына бақыт тілейтінін айта келіп, екі жастың қосылуына қарсы емес екенін, ешқандай қалың мал талап етпейтінін айтып, жастарға ақ батасын беріпті. Осылайша менің бабам ауылына басы екеу болып, қалыңдығымен оралған екен».

Қазақ жанының дархандығының куәсі іспетті, қызды қалыңмалсыз теңіне қосатын осы бір сирек те болса, тарихта өзіндік орны бар салттың тарихы осындай.

**Бердалы ОСПАН,**
*мәдениеттанушы.*

# Открылось наследство

***Умер Колдасбаев Майдан. Дата смерти 17.08.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Жандарбекова Н.Ж., г.Шымкент, ул.Дулати 205/3. Тел:8705-410-09-24

***Умер Алдабергенов Мухамедияр. Дата смерти 13.01.2020. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К., г. Шымкент, Мадели Кожа, 1Г стадион им. Кажымухана, центральный ЦОН, 1 этаж слева. Тел:8701-741-27-45

***Умер Шынасыл Медеу. Дата смерти 13.11.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К., г. Шымкент, Мадели Кожа 1Г, стадион им. Кажымухана, центральный ЦОН, 1 этаж слева. Тел:8701-741-27-45

***Умер Мырзахметов Менилбек. Дата смерти 06.11.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Боранбекова С.С., г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, дом 43кв.1.Тел: 8 775-969-40-66

***Умерла Вейсалидзе Назира. Дата смерти 12.02.2020.Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Ингенбаева Р.А., г. Шымкент, Кабанбай батыра, 14/23. Тел:8701-407-52-26

***Умер Гулахмедов Рустам. Дата смерти 14.11.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У., г. Шымкент, мкр.Восток, дом 46. Тел:8775-833-03-04

***Умер Бимурзаев Гани. Дата смерти 20.08.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К., г. Шымкент, Мадели Кожа 1Г, стадион им. Кажымухана, центральный ЦОН, 1 этаж слева. Тел: 8701-741-27-45

***Умер Шагирбаев Сатбай. Дата смерти 11.03.2020. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К., г. Шымкент, Мадели Кожа, 1Г стадион им. Кажымухана, центральный ЦОН 1 этаж слева. Тел: 8701-741-27-45

***Умер Ауелбеков Серик. Дата смерти 12.03.2020. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, Мадели Кожа, 1Г стадион им. Кажымухана, центральный ЦОН, 1 этаж слева. Тел: 8 701-741-27-45

***Умер Бабаев Зинадулла. Дата смерти 15.01.2020. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Сәрсенбаева М.Ш., г. Шымкент, мкр. Нурсат, дом 12. Тел: 8701-741-94-45

***Умерла Хадиметова Замира. Дата смерти 20.11.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Джанизакова Н.Р. г. Шымкент ,ул Желтоксан, 7 бизнес центр «Даркол». Тел: 8 707-801-82-83

***Умер Ибраев Бергентай. Дата смерти 10.08.2012. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Дүйсембекова Э.А. г. Шымкент, ул Г.Иляева 47, остановка «Алмаз». Тел: 8 708-365-77-81

***Умерла Гордиенко Людмила. Дата смерти 22.09.2008. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Уалиханова Ж.А., г. Шымкент, ул. Желтоксан, №6. Тел:8701-476-27-17

***Умер Яхшибаев Аскарбек. Дата смерти 30.11.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Джунуеева Р.Т., г. Шымкент, Тамерлановское, 42-19. Тел:8777-558-76-18

***Умер Карынбаев Сахан. Дата смерти 30.01.2020.Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент Мадели Кожа 1Г стадион им Кажымухана, центральный ЦОН, 1 этаж слева. Тел: 8 701-741-27-45

***Умер Ирисметов Равшон. Дата смерти 28.09.2019. Всех наследников просим обьявиться и обратиться к нотариусу Мухитдинова З.В. г. Шымкент, ул. Бейбитшилик, дом 8 кв2. Тел: 8701-657-18-54

# Жарамсыз деп танылсын

*****Жақып Гаухар Оспанқызы ОҚМПУ 4-курс студентінің сынақ кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**

*****М.К.Дулатоваға тиесілі 1 Май көшесі, №44 ғимараттар мен құрылыстар жер телімімен сату-сатып алу келісім шарты және кадастр №19-309-104-044 жер телімінің мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.**